

Жарқайың аудандық мәслихатының 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 6С-34/2 "2019-2021 жылдарға арналған Жарқайың ауданы Державин қаласының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 2019 жылғы 12 қарашадағы № 6С-45/2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 22 қарашада № 7502 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106 бабының 4 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес Жарқайың аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жарқайың аудандық мәслихатының "2019-2021 жылдарға арналған Жарқайың ауданы Державин қаласының бюджеті туралы" 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 6С-34/2 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7032 тіркелген, 2019 жылғы 15 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2019-2021 жылдарға арналған Жарқайың ауданы Державин қаласының бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 75527,0 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер - 48606,0 мың теңге;

трансферттер түсімі - 26921,0 мың теңге;

2) шығындар - 79173,5 мың теңге;

3) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 теңге;

4) бюджет тапшылығы (профициті) - -3646,5 мың теңге;

5) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 3646,5 мың теңге.

";

2-2 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"2-2. 2019 жылға арналған Жарқайың ауданы Державин қаласы бюджетінің шығыстар құрамында республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер 2163,0 мың теңге сомасында қарастырылғаны ескерілсін, оның ішінде;

1265,0 мың теңге мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге;

898,0 мың теңге азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;"

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы

А.Жүнісов

Аудандық мәслихаттың
хатшысы

Ұ.Ахметова

"КЕЛІСІЛДІ"

Жарқайың ауданының
әкімдігі

Жарқайың аудандық
мәслихатының
2019 жылғы 12 қарашадағы
№ 6С-45/2 шешіміне
қосымша
Жарқайың аудандық
мәслихатының
2018 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 6С-34/2 шешіміне
1 қосымша

2019 жылға арналған Державин қаласының бюджеті

Санаты		Соныбы	Сума мың теңге
	Кіші соныбы		
		Атауы	
		I.Кірістер	75527,0
1		Салықтық түсімдер	48606,0
	01	Табыс салығы	21805,0
	2	Жеке табыс салығы	21805,0
	04	Меншікке салынатын салықтар	26801,0
		1 Мүлікке салынатын салықтар	530,0
		3 Жер салығы	5707,0
		4 Көлік құралдарына салынатын салық	20564,0
4		Трансферттер түсімі	26921,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	26921,0
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	26921,0

Функционалдык топ		С о м а
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		м ы н
Бағдарлама		теңге
Атауы		
	II. Шығындар	79173,5
01	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	25033,1
124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	25033,1
	001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	24733,1
	022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	300,0
07	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	46140,4
124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	46140,4
	008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	14135,1
	009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	7538,0
	010 Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	4650,0
	011 Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	19817,3
12	Көлік және коммуникация	8000,0
124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	8000,0
	013 Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	8000,0
	III. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
	IV. Бюджет тапшылығы (профициті)	-3646,5
	V. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	3646,5
8	Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	3646,5
01	Бюджет қаражатының қалдықтары	3646,5
	1 Бюджет қаражатының бос қалдықтары	3646,5